

«БЕКІТЕМІН»
«Қызылорда газ тарату жүйесі» КМК
директоры

А.Шауенов

«08» 04 2022 ж.

«Қызылорда газ тарату жүйесі» КМК-ның сыйбайлас жемқорлықка қарсы саясаты

1. Жалпы ережелер

1. Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылорда газ тарату жүйесі» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясаты (бұдан әрі – Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясат) Кәсіпорындағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі принциптерін, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу және онымен күресу, сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың салдарын барынша азайту және (немесе) жоюдың басқарушылық және ұйымдастыруышылық негіздерін белгілейді. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының аталған ережелері мүмкін болатын сыйбайлас жемқорлық фактілерінің алдын алуға, Кәсіпорында сыйбайлас жемқорлықты қатаң қабылдамауды қалыптастыруға бағытталған.
2. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясат – сыйбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді іс-қимыл жүйесін құруға бағытталған қызмет.
3. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мыналар бойынша Кәсіпорынлауазымдық тұлғаларының құзыреті аясындағы қызметі:
 - 1) сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу, соның ішінде сыйбайлас жемқорлық себептерін анықтау және кейіннен жою (сыбайлас жемқорлықтың алдын алу);
 - 2) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын анықтау, алдын алу, бұлтартпау және ашу (сыбайлас жемқорлықпен күрес).
4. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың ережелері Кәсіпорынның барлық қызметкерлеріне қатысты.

2. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың мақсаты мен міндеттері

5. Лауазымдық міндеттерді орындау кезінде сыйбайлас жемқорлықтан бас тартатын және әділеттік пен тұрақтылық принциптерін қамтамасыз ететін Кәсіпорын қызметкерлерінің құқықтық мәдениетін қалыптастыру Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың негізгі мақсаты болып табылады.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың міндеттері:

- 1) сыбайлас жемқорлыққа әкеп согатын себептер мен жағдайларды жою;
- 2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу;
- 3) Кәсіпорын қызметкерлерін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін, сондай-ақ Кәсіпорын қызметтің регламенттейтін ішкі нормативтік күжаттарды қатаң сактауға тәрбиелеу болып табылады.

3. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары

7. Кәсіпорындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мынадай негізгі шараларды қолдану арқылы жүзеге асырылады:

- 1) төмендегілер арқылы Кәсіпорын қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық тәртібіне төзбеу қылышын қалыптастыру:
 - қызметкерлерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында КР заңнама нормалары мен басқа да актілерін түсіндіру;
 - Кәсіпорын қызметкерлеріне Кәсіпорында және квазимемлекеттік сектордың өзге мемлекеттік органдары мен ұйымдарында анықталған сыбайлас жемқорлық фактілері туралы мәлімдеу;
 - Кәсіпорын қызметкерлерімен түсіндіру әңгімелерін өткізу;
- 2) Кәсіпорынның лауазымды тұлғаларына және қызметкерлеріне, соның ішінде бос лауазымға отыратын үміткерлерге қойылатын біліктілік талаптарын қою;
- 3) қағиданы кадрлық жұмыс тәжірибесіне енгізу, соған сәйкес лауазымды тұлғаның өзінің қызметтік міндеттерін ұзақ, мінсіз және тиімді орындауды оны жоғары тұрған лауазымға тағайындаған кезде немесе оған сыйакы беру кезінде міндетті тәртіпте ескерілуға тиіс;
- 4) Кәсіпорын қызметкерлерін, сондай-ақ үшінші тұлғаларды алаяқтық, асыра пайдалану және басқа да заңға қайшы әрекеттерді жасауға катысты белгілі фактілер немесе күдіктер туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін кез келген әдістермен хабарлау құқығымен қамтамасыз ету.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі бағыттары

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша Кәсіпорын қызметтің негізгі бағыттары:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында Кәсіпорынның бірінгай саясатын жүргізу;
- мемлекеттік органдармен, сыртқы ұйымдармен, сондай-ақ азаматтармен және азаматтық қоғамның және институттарымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Кәсіпорынның өзара іс-қимыл жасау механизмін құру;
- Кәсіпорын қызметкерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға барынша катысуға тартуға, олардың ойын сыбайлас жемқорлық тәртіпке деген жағымсыз көзқарасты қалыптастыруға бағытталған әкімшілік және өзге де шараларды қабылдау;

- қызмет көрсеткен кезде, адал, ашық, әділ бәсеке мен әділдікті камтамасыз ету болып табылады.

9. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға және/немесе Кәсіпорын қызметкерін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын жасауға итермелеге қатысты белгілі фактілер немесе күдіктер туралы ақпаратты билетін Кәсіпорының өзге де қызметкерлері, сондай-ақ үшінші тұлғаларды тарту фактілері туындаған жағдайда, Кәсіпорын қызметкерлері Кәсіпорының басшылығына дереу хабарлауга міндettі.

10. Бұндай әрекеттердің жасалуы туралы өтініш қажет болған жағдайда жауапкершілікке тарта отырып және уәкілдегі мемлекеттік органдарды хабарландыра отырып, тексеріледі және өзінің логикалық сонына жеткізіледі.

5. Мұдделер қактығысын болдырмау және реттеу тәртібі

11. Кәсіпорын қызметкерлері:

- 1) мұдделер қактығысы туындауының кез келген мүмкіндігін болдырмау жөніндегі шараларды қабылдауға;
- 2) мұдделер қактығысының туындауы немесе туындау мүмкіндігі туралы өзі білген уақытта дереу өзінің тікелей басшысына хабарлауға;
- 3) мұдделер қактығысын болдырмау және реттеу жөніндегі өзге де шараларды қабылдауға міндettі.

12. Мұдделер қактығысын болдырмау және реттеу мұдделер қактығысы тарапы болып табылатын Кәсіпорын қызметкерінің лауазымдық немесе қызметтік дәрежесінің өзгеруі түрінде, тіпті белгіленген тәртіpte қызметтік міндептерді орындаудан босатылуы түрінде болуы мүмкін.

6. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы үшін жауапкершілік

13. Кәсіпорын қызметкерлері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес қылмыстық, әкімшілік және тәртілтік жауапқа тартылады.